

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 қазандағы N 1466.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігін ұйымдастыру-құрылымдық жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне (бұдан әрі - Қазынашылық) заңды тұлға мәртебесі берілсін.

2. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.10.09. N 1028 қаулысымен.

3. Оның жекелеген функцияларын, мүлік пен істі басқару жөніндегі өкілеттігін Қазынашылыққа беру арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкі таратылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкін таратуды жүргізсін және 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджеттік мекемелерге қолма-қол ақша беруді екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырсын;

1997 жылдың 1 желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазынашылық валюталық шоттары арқылы бюджеттік мекемелердің валюталық операцияларын орталықтандырылған жүргізудің тәртібін әзірлесін және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазынашылық пен оның Алматы, Ақмола қалаларындағы және облыс орталықтарындағы аумақтық органдарына байланыс арналарын бөлуді қамтамасыз етсін.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен.

8. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 ақпандағы N 167 P960167_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 7, 42-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 қыркүйектегі N 1349 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

9. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 қазандағы
N 1466 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті
туралы ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.10.09. N 1028 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК